

«Суындық» жалпы білім беретін мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Бұйрық № 160

31 тамыз 2023 жыл

Көктөбе елді мекені

**Ел Президенті Қасым -Жомарт Тоқаевтың
2029 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы
аясында жоспарланған 1-4 сынып оқушыларын
тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы мен бекітілген Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысының 1 тарау, 1 тармағы, 1,2,3,4 тармақшаларының санаттарына сәйкес келетін оқушыларды анықтап, құжаттарын реттеп, мектептік тамақтандыруға ұсыну сынып жетекшілері мен әлеуметтік педагог А.Қуатбековаға жүктелсін.
- 2.Мектептің қамқорлық кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысының 1 тарау, 1 тармақ, 5 тармақшасының санатына сәйкес келетін оқушыларды анықтап, мектептік тамақтандыруға ұсынсын.
3. 2023-2024 оқу жылынан бастап мектептегі 1-4 сынып оқушыларына орендатор есебінен тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен тамақтандыру ұйымдастырылсын.
- 4.Оқушыларға берілетін тамақ түрлерінің талапқа сай болуын ұйымдастыру, тамақты дәмді және санитарлық гигиеналық тазалық сақтай отырып пісіруді аспазшы Назарбекова Азизаға міндеттелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры

Таныстырды



Н.Мұсаев

А.Қуатбекова

А.Назарбекова